

А.Т. Кембаева^{1*} , М.Б. Әбдіманапова² , Б. Халым³ 

¹Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, Тараз, Қазақстан

²М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан

³Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: kembaeva_ainur@mail.ru

ШЕРХАН МҰРТАЗА ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫНЫҢ ХАРИЗМАСЫ

Зерттеуде Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасының харизмасы тілдік, дискурсивті және прагматикалық сөйлеу құралдарының жиынтығы ретінде қарастырылады. Жұмыстың мақсаты – тілдік тұлға харизмасының лингвистикалық табиғатын дискурс негізінде айқындау. Зерттеу барысында тілдік тұлғаның коммуникативті және тыңдаушысына ықпал ету әлеуетін ескере отырып, оның харизмасының тек психологиялық немесе әлеуметтік-мәдени категория емес, лексика мен синтаксистік құрылымдарды, прагматикалық стратегияларды және дискурсивті модельдерді таңдауда байқалатын жүйелі тілдік негізге ие екендігі анықталды. Сондықтан зерттеу жұмысы тілдік тұлға теориясы мен прагмалингвистика және дискурсологияда, сөйлеу әсері теориясын дамытуда ғылыми маңызға ие. Зерттеудің практикалық маңызы шешендік өнерді үйрету курстарында, стилистика мен дискурстық талдау жүргізуде, медиа және саяси дискурс коммуникациясында, көпшілік алдында сөйлеу және көшбасшылық тәжірибесінде қолданылу мүмкіндігімен құнды.

Ғылыми зерттеудің әдіснамалық негізін Ю.Н. Карауловтың тілдік тұлға теориясы, В.И. Карасиктің дискурстық тұлғаның концепциясы, сонымен қатар сөйлеу әсерінің прагматикалық теориясы және Ethos – Pathos – Logos риторикалық моделі құрайды. Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасының харизмасы авторлық дискурсқа жасалған талдау нәтижесінде негізделді, осылайша харизманың типтік тілдік маркерлері анықталды, харизматикалық сөйлеудің прагматикалық стратегиялары сипатталды, харизманың тілдік шарттылығы дәлелденді, харизматикалық тілдік тұлға моделі жасалды.

Жұмыста тілдік тұлға харизмасы туралы түсініктерді лингвистикалық талдаудың нысаны ретінде қарастырып, оның қалыптасқан дәстүрлі психологиялық сипатының тілдік механизмдерде көрініс табуының ерекшелігі сараланды. Зерттеу жұмысының қорытындысындағы лингвистикалық және прагматикалық параметрлер қолданбалы зерттеулерде сөйлеу әсерін бағалау құралы болып, қазіргі таңдағы сөйлеу қарым-қатынасы бойынша оқу және аналитикалық материалдарды дайындауда пайдалануға болады.

Түйін сөздер: харизма, тілдік тұлға, дискурс, лингвистика, Ш. Мұртаза.

A.T. Kembayeva^{1*}, M.B. Abdimanapova², B. Khalym³

¹Sh. Murtaza Taraz International University, Taraz, Kazakhstan

²M.H. Dulati Taraz University, Taraz, Kazakhstan

³Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: kembaeva_ainur@mail.ru

The Charisma of Sherkhan Murtaza's Linguistic Personality

In this study, the charisma of Sherkhan Murtaza's linguistic personality is conceptualised as a combination of linguistic, discursive, and pragmatic resources of speech. The aim is to identify the linguistic nature of linguistic-personality charisma from a discourse-based perspective. The analysis shows that, given the communicative potential of a linguistic personality and its capacity to influence the listener, charisma is not merely a psychological or socio-cultural category; rather, it has a systematic linguistic basis manifested in the choice of lexical and syntactic structures, pragmatic strategies, and discursive models. Therefore, the study has scholarly relevance for the development of linguistic personality theory, pragmalinguistics, discourse studies, and theories of speech influence. Its practical value lies in its applicability to courses in rhetoric and public speaking, stylistic and discourse analysis, media and political communication, and leadership practices.

The methodological framework draws on Y.N. Karaulov's theory of linguistic personality, V.I. Karasik's concept of discursive personality, as well as pragmatic approaches to speech influence and the rhetorical model of Ethos – Pathos – Logos. Based on the analysis of Sherkhan Murtaza's authorial discourse, typical linguistic markers of charisma are identified, pragmatic strategies of charismatic speech

are described, the linguistic conditioning of charisma is substantiated, and a model of a charismatic linguistic personality is proposed.

The study also examines how the traditionally psychological understanding of charisma is realised through linguistic mechanisms by treating linguistic-personality charisma as an object of linguistic analysis. The linguistic and pragmatic parameters formulated in the conclusions may serve as tools for assessing speech influence in applied research and can be used in developing educational and analytical materials on contemporary speech communication.

Keywords: charisma, linguistic personality, discourse, linguistics, Sh. Murtaza.

А.Т. Кембаева^{1*}, М.Б. Абдиманапова², Б. Халым³

¹Международный Таразский университет имени Ш. Муртазы, Тараз, Казахстан

²Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

³Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

*e-mail: kembraeva_ainur@mail.ru

Харизма языковой личности Шерхана Муртазы

В исследовании харизма языковой личности Шерхана Муртазы рассматривается как совокупность языковых, дискурсивных и прагматических средств речевого воздействия. Цель работы – выявить лингвистическую природу харизмы языковой личности в дискурсивной перспективе. В ходе исследования установлено, что с учетом коммуникативного потенциала языковой личности и ее способности влиять на адресата харизма не сводится лишь к психологической или социокультурной категории, а имеет системную языковую основу, проявляющуюся в выборе лексических и синтаксических структур, прагматических стратегий и дискурсивных моделей. В связи с этим работа имеет научную значимость для развития теории языковой личности, прагматической лингвистики и дискурсологии, а также теорий речевого воздействия. Практическая ценность исследования обусловлена возможностью его использования в курсах по ораторскому искусству, при проведении стилистического и дискурсивного анализа, в сфере медийного и политического дискурса, а также в практике публичных выступлений и лидерства.

Методологическую основу исследования составляют теория языковой личности Ю.Н. Караулова, концепция дискурсивной личности В.И. Карасика, прагматическая теория речевого воздействия и риторическая модель Ethos – Pathos – Logos. На материале авторского дискурса Шерхана Муртазы выявлены типичные языковые маркеры харизмы, описаны прагматические стратегии харизматической речи, обоснована языковая обусловленность харизмы и предложена модель харизматической языковой личности.

В работе также проанализирована специфика проявления традиционно психологически понимаемой харизмы в языковых механизмах, при этом харизма языковой личности рассматривается как объект лингвистического анализа. Сформулированные в выводах лингвистические и прагматические параметры могут служить инструментом оценки речевого воздействия в прикладных исследованиях и использоваться при подготовке учебных и аналитических материалов по современной речевой коммуникации.

Ключевые слова: харизма, языковая личность, дискурс, лингвистика, Ш. Муртаза.

Кіріспе

XX-XXI ғасырларда тіл біліміндегі өзекті зерттеу бағыттарының бірі – антропологиялық зерттеу бағыты. Бұл бағыт адамның санасы мен ойлау әрекеті, мәдениеті мен рухани өмірі тілдің барлық аспектілерімен байланысты екенін көрсетеді. Тіл біліміндегі антропоцентризмдік көзқарас тілді әлеуметтану, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, мәдени семантика секілді, т.б. пәнаралық ғылымдармен байланыста зерттеуге мүмкіндік береді (Тихонова, 2016). Мұндай зерттеу бағытының нысаны өзінің тілдік, ментальді, мінез-құлықтық ерекшелігі бар, сонымен қатар өзіндік

әлем туралы түсінікке, тұлғалық және ұлттық ерекшеліктерге ие адам екені белгілі (Михалевич, 2011, б. 145). Демек берілген зерттеу бағытының басты нысаны – тілдік тұлға екені айқын. Ал тілдік тұлғаның ерекшеліктерінің байқалуы оның дискурстары мен тілдік әрекеттерінің еншісінде. Мұндай нақты тілдік материалдармен жұмыс істеу тілдік тұлғаның сөйлеу және мәтін тудыру әрекетіндегі жеке және ұлттық сипатын тануға жол ашады. Әсіресе адресант пен адресат арасындағы коммуникация негізінде тілдік тұлға сипатының ұлттық-мәдени ерекшеліктері, жеке мінез-құлық көріністері, тілді тыңдаушыға әсер ету құралы ретінде қолдану шеберлігі анықталады.

Зерттеу барысында қоғамдағы қарым-қатынас рөлінің күннен-күнге дамуы аясында сөйлеу әрекетінің тыңдаушыға әсер ету мәселесі алға шыққаны айқындалды. Коммуникацияны ақпарат алмасу құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар адресатқа әсер ету құралы деп қарастыратын болсақ, сөйлеушінің харизмасы тыңдаушының сенімі мен эмоционалды қабылдау күйін анықтайтын басты фактор ретінде маңызға ие. Демек коммуникациядағы тиімді факторлардың бірі – тілдік тұлға харизмасы. Дегенмен «харизма» ұғымының бұған дейін көбінесе әлеуметтік және психологиялық сипаттамалар негізінде тіл білімінен өзге пәндер шеңберінде қолданылып келгенін білеміз. Сондықтан тілдік тұлға харизмасын зерттеу бұл құбылыстың лингвистикалық аспектісін дамытуға және мәнін ашуға зор мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының өзектілігі жеке тұлғаның сөйлеу әрекетінде харизмасының байқалуын қамтамасыз ететін тілдік механизмдерді анықтау қажеттілігімен негізделеді. Тілдік тұлға харизмасын зерттеу білім, медиа, саясат т.б. маңызды салалардағы аудиторияны өзіне қарату, баурап алу – коммуникациядағы әсер мәселесін шешуде маңызды рөл атқарады. Харизма ұғымының пәнаралық мәнінің күрделі екенін ескерсек, психология, әлеуметтану және тіл білімі салаларының тоғысындағы психоллингвистикалық зерттеулердің қажеттігі айқындала түседі.

Лингвистикада тілдік құралдар мен прагматикалық стратегияларды талдауға жүгіну харизманы экстралингвистикалық құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар белгілі бір дискурстық жағдайларда сөйлеуді жүйелі ұйымдастырудың нәтижесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан жұмысымыздың басты мақсаты – тілдік тұлға харизмасының лингвистикалық табиғатын дискурс негізінде айқындау.

Психологиялық энциклопедиялық сөздікте «харизма – жеке тұлғада оған бас игізгендей және оның мүмкіндіктеріне сөзсіз сенетіндей қасиеттер бар деп білу» (Жақып, 2015) деген анықтама берілсе, қазақ тілінің кірме сөздігінде «харизма – өзіне назар аударту, дарынды, айрықша жеке тұлға ретінде өзін көрсету қабілеті» (Құрманбайұлы, Исақова, Мизамхан, 2019) деп сипатталады. Бұл ұғым психология ғылымында жиі көрініс тауып, жеке тұлғаны сипаттау және оның мінезі мен сөйлеу ерекшеліктерін зерттеуде негізгі нысандардың бірі болып келе жатқаны белгілі. Атап өткеніміздей, аталмыш термин жеке тұлғаның ерекшелігін сипаттайтындықтан,

лингвистикада да тілдік тұлғаны зерттеуде өзекті саналады. Харизма табиғаты тілдік тұлғаның қоғамдық сипатын айқындайды. Себебі қоғамдық қатысымда харизма пайда болады. Тілдік тұлға харизмасы ерекше мүмкіндіктер мен көпшілікті өзіне қарату, тартымдылық, басқаларды мойынсұнуға мәжбүр ету секілді түрлі қасиеттерге ие. Аталған ерекшеліктердің барлығы тіл арқылы жүзеге асады.

Харизма – сөйлеу әрекетімен және иерархиясымен параллель жүзеге асатын тілдік тұлға қасиеті. Сөйлеу коммуникацияны құрады, келіс-сөздер жүргізу және топтарды құру үдерістерін ұйымдастырады, сонымен қатар эмоцияларды, қатынастарды және дискурсты бақылау сигналдарын қамтиды. Сөйлеудің бұл әлеуметтік-коммуникативті аспектілері рекурсивті синтаксис пен лексикада орын алады, дыбыстық сегменттерге негізделеді (Niebuhr, Skarnitzl, 2019, б. 1). Демек, тілдік тұлға харизмасы сөйлеудің аталған сипаттарында байқалады.

Өткен ғасырда «харизма» тұжырымдамасы қарқынды зерттелді және гуманитарлық ғылымдарда талқыланды. Осыған орай тілдік тұлға харизмасын зерттеуге деген қызығушылықтың артқаны және әртүрлі академиялық ортада көптеген пікірталастарға әкелгені белгілі (Petlyuchenko, 2024, б. 17). Аталмыш тұжырым зерттеу тақырыбының өзектілігі мен маңызын айқындай түсті.

Әдетте харизма ауызша немесе жазбаша қарым-қатынас жасау сияқты бірқатар дағдылардың негізінде жатыр, тиімді метафораларды немесе баяндауды, риторикалық өрнектерді қолдану, сондай-ақ сыртқы қимыл-әрекет ерекшеліктері де тілдік тұлға харизмасын айқындайды. Харизмасы бар тілдік тұлға адресатпен тікелей коммуникацияға түспей-ақ, түрлі дискурстар арқылы, ол дискурс түрлерінің бүгінге дейін жетуі секілді құбылыстармен жанама әсер ету мүмкіндігіне ие (Yassin, 2015).

Бүгінге дейінгі зерттеу еңбектеріне шолу жасай отырып, шетелдік және отандық тіл білімінде тілдік тұлға жан-жақты зерттеліп, оның дискурстық сипаты түрлі лингвистикалық талдаулардың нысаны болғанымен, тілдік тұлға харизмасы әлі де терең зерттеуді талап ететін мәселеге айналып отырғанын анықтадық.

Материалдар мен әдістер

Тілдік тұлға харизмасы дискурста жиі көрініс табады. Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасының

харизмасы қаламгердің саяси және публицистикалық дискурстарынан белсенді байқалғандықтан, зерттеу жұмысымыздың негізгі материалын «Рух пен намыстың төресі» және «1994 жылы Парламент Мәжілісіндегі сөзі» дискурстары қамтыды.

Зерттеу жұмысында тілдік тұлға харизмасының дискурстағы сипатын, лингвистикалық табиғатын айқындау үшін коммуникативті жағдаятты, адресат пен тілдік тұлға мақсатын, әрекеттерінің стратегиясын дискурстық талдау, тілдік сөйлеу актісі мен интенция, тыңдаушының назарын бұру, сендіру стратегияларын прагматикалық талдау, лексикалық бірліктер мен метафоралар және бағалау бірліктерін контекстік-семантикалық талдау, сонымен қатар қайталаулар мен риторикалық сұрақтар, параллелизмдер секілді экспрессивті құралдарды анықтау үшін стилистикалық талдау, тілдік құралдардың әсерін түсіндіру үшін лингвистикалық интерпретация әдістері жүзеге асырылды. Сонымен қатар тілдік тұлға харизмасының тілдік табиғатын айқындауда лингвистиканың психология, әлеуметтану, философия, мәдениеттану секілді ғылым түрлерімен пәнаралық байланысы ескеріліп, сараланды.

Талдау барысында тілдік тұлға харизмасына тән мынадай мәселелерге баса көңіл бөлінді:

- харизма тұжырымдамасы;
- сөйлеудің коммуникативтік мақсаты;
- бағытталғандық және аудиторияға бағдарлау;
- тілдік тұлғаның тілдік образы;
- сөйлеудің құндылығы;
- эмоционалды бағытталғандық;
- тілдік тұлғаның сенімділік деңгейі;
- сөйлеу динамикасы.

Берілген бағыттаушы мәселелер аясында талдау жүргізу арқылы тілдік тұлға харизмасының дискурстағы көрінісін бірнеше бағытта ашуға мүмкіндік алдық.

Жұмыста нақты жеке автор тілдік тұлғасы зерттеу нысаны болғандықтан зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде бүгінге дейін өз құндылығын сақтап келе жатқан Ю.Н. Карауловтың тілдік тұлға теориясына (Караулов, 2004) және В.И. Карасиктің дискурстық тұлғаның концепциясы теориясына (Карасик, 2002), сондай-ақ сөйлеу әсерінің прагматикалық теориясы мен Аристотельдің *ethos-pathos-logos* риторикалық моделіне (Aristotle's Rhetoric, 2002) жүгіндік. Сонымен қатар қазақ тіл білімінде сөз мәдениеті мен сөздерді жөнсіз пайдаланбау сынды

маңызды мәселелерді дәлелді тұжырымдар негізінде қарастырған А. Байтұрсынұлының «сөз дұрыстығы» ұғымының (Байтұрсынұлы, 2003), Қ. Жұбановтың «сөз қисыны» ұғымының (Жұбанов, 2013), І. Кеңесбаевтың зерттеулерінде (Кеңесбаев, 2014) және М. Балақаев ізденістерінде қолданылған «тіл мәдениеті» ұғымының (Балақаев, 2024) жан-жақты талдануы, ғалымдар тұжырымдары мақалаға маңызды теориялық негіз болды. Қолданылған әдістеме мен әдістер, материалдар зерттеу мақсатын және тілдік тұлға харизмасының типтік тілдік маркерлерін, харизматикалық сөйлеудің прагматикалық стратегияларын, харизманың тілдік шарттылығын, харизматикалық тілдік тұлға моделін анықтауға мүмкіндік берді.

Әдебиеттерге шолу

Тілдік тұлға харизмасын анықтауда «харизма» ұғымының мәнін түсіну маңызды. «Харизма» ұғымы ертеректе тек діни салада қолданылғаны белгілі. Оған «Құдайдың үшқыны, жоғарыдан берілген сый» деген анықтама берілген. «Харизма» ұғымының алғашқы қолданысын «*χάρισμα*» грек тіліндегі «Жаңа Өсиеттен» кездестіре аламыз (Аверкий, 2001). Аталмыш ұғымды ғылыми айналымға Эрнст Трельч және Максимилиан Карл Эмиль Вебер енгізген. Ал әлеуметтік термин ретінде бекіткен неміс ғалымы, мәдениет философы Эрнст Трельчтің өзі. Макс Вебер «харизма» термині туралы алғашқы ғылыми зерттеу жұмысын жүргізді. Ғалым өзінің «Тұрмыс пен қоғам туралы» атты еңбегінде идеалды мемлекет түрлерін анықтау барысында «харизма» терминін пайдаланады. XX ғ. Аталмыш неміс ғалымы «харизмалық көшбасшылық» ұғымын енгізеді. Ғалым терминді билеу механизмін игерген, сондай-ақ көшбасшылық секілді бірегей қасиеттерге ие тұлғаны сипаттауда қолданады. Сонымен қатар «харизма» ұғымын зерттеп, оны: магниттік харизма, нағыз харизма, тартымды харизма, достық харизма, қорқынышты харизма, адамның ішкі болмысынан туындайтын харизма сияқты бірнеше топқа жіктеп саралаған Джон Спасей (Spasey, 2019) тұжырымы зерттеу барысында маңызды теориялық дереккөз болды. (Al-Tkhayneh, Alhourani, Nser, 2025) секілді ғалымдардың дискурс тілін талдау барысындағы харизма құпиялары туралы ізденісі зерттеу тақырыбының қазіргі тіл біліміндегі өзектілігін айқындады. Мақалада тілдік тұлға харизмасын анықтауда нақты ұғымның

пайда болуы мен қолданысының аясын, негізгі сипаттарын, мағынасын тану мақсатында берілген ғалымдардың тұжырымдарымен қатар, тілдік тұлға мен дискуртық тұлғаның қалыптасуы, тілдік тұлға сипатының көрінісі секілді мәселелерді, ондағы сөз мәдениетін зерттеген (Уәли, 2007; Адамова, Ахтаева, Сағындықұлы, 2024) сынды отандық ғалымдардың тұжырымдарына да көңіл бөлінді.

Харизманы сөйлеушінің мәнерлі мінез-құлқы ретінде танып, сол арқылы тілдік тұлға ерекшеліктерін анықтауға болатыны, тілдік тұлға харизмасының коммуникативті динамикалық өзара әрекеттесуі арқылы көшбасшылық шабыт туындайтыны бұған дейінгі зерттеулерде аталып өткен болатын (Petlyuchenko, 2024). Мұнда тілдік тұлға харизмасын зерттеудегі психолингвистикалық аспектілердің маңызы байқалады. Психолингвистиканы қазіргі тіл білімі салаларының бірі ретінде қарастырған (Oblanazarovna, 2022) зерттеулері тілдік тұлға харизмасын анықтауда пәнаралық тұжырымдарды ұстану қажеттігін дәйектейді. Өз зерттеу жұмысымызда біз де бұл тұжырыммен келісеміз.

Жеке адамдардың ауызша және жазбаша шығармаларындағы харизманың объективті корреляциясын табу үшін алдымен харизманы қабылдауға және адастыруы мүмкін ықтимал факторларға қатысты кейбір негізгі мәселелердің шешімін табу мақсатында зерттеу жүргізген ғалымдар (Rosenberg, Hirschberg, 2019, б. 642) тұжырымдары мен тілдік тұлға харизмасының эмоционалды-экспрессивті сипаты және сөйлеу әрекетіндегі харизматикалық, акустикалық ерекшеліктерді талдаған ғалымдар (Michalsky, Niebuhr, Penke, 2020, б. 700) тұжырымдары зерттеу жұмысы үшін маңызды болды.

Теориялық мәлімет ретінде құнды болып табылатын аталған ғалымдар тұжырымдары жұмысымыздағы талдау барысында туындаған практикалық ақпаратты дәлелдеу үшін маңызды дереккөз ретінде танылды. Бұл зерттеу тақырыбының бүгінге дейін және қазіргі таңда да пәнаралық сипатын жоймаған өзекті ғылыми мәселе екенін растайды.

Нәтижелер мен талқылау

«Тілдік тұлға» концепциясының негізін қалаған Ю.Н. Карауловтың тұжырымдарын назарға алсақ, тілдік тұлғаны зерттеу бағыттарын басты екі қағида бойынша қарастырғаны белгілі. Біріншісі, тілдік тұлға – әртүрлі тілдік құбы-

лыстарға ассоциативті реакция, яғни белгілі бір тілдік немесе мәдени қоғамның және жеке тұлғаның тілдік әмбебап компоненттерін зерттеу. Екіншісі, тілдік тұлғаны қаламгер тілінің сөздігін жасаудың негізі ретінде зерттеу. Бұл бағытта ғалым «Достоевский тілінің сөздігі», «Достоевскийдің идиоглоссарий» секілді маңызды зерттеу жұмыстарын жүзеге асырған (Коробова, Ружицкий, Шепелева 2020, б. 53-69). Сондықтан жұмысымыздың зерттеу нысаны ретінде қаламгер Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасының алынуының ғылыми негізі бар.

Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасы қазіргі қазақ тіл білімінде өзінің жан-жақты тілдік ерекшелігі мен сипаты тұрғысынан кең әрі белсенді зерттеліп жүрген өзекті мәселе. Оның себебі автор дискурсының көптүрлілігі және тілдік қолданыс құндылығының тіл білімі саласы үшін маңызды деп саналатын ерекшеліктерімен көзге түсуі. Қаламгер тілдік тұлғасы қазақ халқының дүние туралы көзқарасы, құндылықтары мен мәдени ұстанымдары және адамға тән когнитивті модельді ашық көрсететінімен ерекшеленеді. Сонымен қатар Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасы ұлттық, әлеуметтік, нақты мәдени сабақтастықты сақтаған. Қаламгердің өзіне тән сөйлеу ерекшеліктері мен адресат арасындағы коммуникацияны орнатуы да қазақ тілі мен мәдениетінің туа біткен құндылықтарын байқатады. Мұның барлығын біз қаламгер дискурстарынан айқындаймыз.

Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасының басты ерекшеліктерінің бірі – харизмасы. Тілдік тұлға харизмасының көрінісі қаламгердің тілдік бірліктерді қолдану, сөйлеу дағдысы, білімі мен ұлттық ұстанымы, коммуникацияда тілді тек ақпарат жеткізу құралы емес, адресатқа ой салу, эмоциясы мен танымына нақты әсер ету, кері байланысқа түрткі жасау т.б. құралы ретінде шебер пайдалануынан байқалады. Оған қаламгердің ауызша сөйлеу әрекетінен туындаған ой-пікірлерінің, дискурстары мен мәтіндердегі ұлттық мүдде мен туған жер, ел, тіл тағдыры жөніндегі маңызды мәселелерді негізге алуы, өзінің публицистикалық және саяси дискурсында харизмаға толы батыл тұжырымдарды алға тартуы дәлел. Мұндай тұжырымдар қазақ қоғамына ой салып, елең еткізгені анық. Сондықтан қаламгер тілдік тұлғасы мен ондағы харизмасы ұлт санасы мен тіл арасындағы терең байланысты танытып, халықтың рухани танымы мен ұлттық құндылықтарын жаңғыртуға мол үлес қосып келеді.

Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасының харизмасын айқындау үшін публицистикалық және саяси дискурс түрлерін іріктеп алдық. Бұл В.И. Карасиктің дискурстық тұлғаның концепциясы теориясына сәйкес адресаттың сөйлеу мазмұнын, қолданған тілдік және сөйлеу әрекетіндегі құралдарын, сондай-ақ стилін зерттеу негізінде пайда болатын коммуникативті тональділік ерекшеліктеріне негізделеді (Карасик, 2009). Мәселен, ғалымның жіктеуіндегі ақпараттық тональділік, идеологиялық тональділік, гипотетикалық тональділік деп аталған түрлері тілдік тұлға харизмасын дискурс ішінде анықтауға мүмкіндік береді.

Шерхан Мұртазаның «Рух пен намыстың төресі» атты публицистикалық дискурсында тілдік тұлға харизмасының ерекшеліктері нақты тілдік бірліктер негізінде байқалады. Мысалы, қаламгер: *«Жәрмеңке жарысында 51 пұт кірдің тасын көтерген Балуан Шолақ қайда?! Күресте әлем чемпионы атанған Қажымұқан қайда?!»* (Мұртаза, 2022), – дейді. Бұл тек тілдік тұлғаның ішкі эмоциялық күйі мен өкінішін немесе адресатқа бағытталған сөзіне реңк беру үшін арнайы экспрессивті мән үстелген сөйлеу әрекеті емес. Себебі аталмыш дискурста бұл тілдік тұлға харизмасы ретінде байқалады. Оны 1-кестедегі талдаудан аңғарамыз.

1-кесте

Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасы харизмасының публицистикалық дискурста көрініс табуы

№	Ш. Мұртаза тілдік тұлғасы харизмасының ерекшелігі	Мысалы	Тілдік тұлға харизмасының сипаты
1	Жеке тұлғаның қасиеті емес, сөйлеу әсері ретінде байқалуымен ерекшеленеді	<i>«Негізінде дұрыс айтылған ой. Адам бағынуы керек. Қоғамның заңымен жүру керек. Қоғамның заңымен жүрмей, әркім ойына келгенін істесе – ол анархия. Дүние содан бүлінеді»</i> (Мұртаза, 2022).	Мұнда автордың жеке тұлғасы емес, тілдік тұлға сөзінің харизманы айқындауы басым. Айтылған ой нақты, тұжырымдарға сенімділік байқалады, әрі күмән жоқ.
2	Сөйлеушінің сенімділігі мен ұстаным беріктігімен ерекшеленеді	<i>«Айттайын дегенім: Бауыржан Момышұлы да әліппені орысша бастаған. Бүкіл қызметі орыс тілінде өтті. Бірақ ол нағыз қазақ болып қалды»</i> (Мұртаза, 2022).	Тілдік тұлғаның тұжырымдау формалары, тікелей авторлық позицияны көрсете білуі, адресат ой-сезімін бақылаудың тілдік көрінісі харизманың элементтерін дәлелдейді.
3	Бағыттылық және адресатпен ой бірлігі әсерімен ерекшеленеді	<i>«Октябрь революциясына дейін казактың екі-ақ пайызы сауатты еді», қалғандары су қараңғы дегенді біздің зиялы дегендеріміз, билік басы дегендеріміз күні кешеге дейін өз баяндамаларының өзегі етіп айтып келеді»</i> (Мұртаза, 2022).	Тілдік тұлға өз сөзіне адресатты қосқан және дискурсқа қатысушы мен сөйлеуші арасындағы ой бірлігі мен ұстанымның ортақтығын байқатады. «Біздің зиялы дегендеріміз», – деп, ойдың тек жеке тұлғаға ғана емес, тыңдаушыға да тікелей қатысты екенін, нақты коммуникацияның сипатын көрсетеді.
4	Тілдік тұлғаның сөйлеу әрекетіндегі құндылық өзегімен ерекшеленеді	<i>«Бәрі дұрыс. Заң дегеніміз – ноқта. Заңды орындау керек»</i> (Мұртаза, 2022).	Мұнда қаламгердің бәріне ортақ, қайталанатын құндылықтарды атауда негізгі семантикалық тірек бірліктерін қолданғанын көреміз. Демек тілдік тұлғаның харизмасы қоғамға ортақ құндылықтарды санамалау арқылы да байқалады.
5	Шамадан тыс экспрессиясыз эмоционалды бағытталуымен ерекшеленеді	<i>«Өз басының қамын ойлап, арызданған бір сөз жоқ. Бәрі де халық қамы. Ұлттың мүддесі. Ұлт тарихының, ұлт рухының, ұлт тілінің, ұлт санасының, ұлт сауатының, ұлт ар-намысының, ұлт әдебиеті мен мәдениетінің қамы»</i> (Мұртаза, 2022).	Берілген мысалда тілдік тұлғаның қазаққа тән маңызды құндылықтарды атағанымен, адресатқа белгілі бір әсер ету үшін әсіреленген эмоция мен экспрессияны қолданбағанын байқаймыз. Демек мұнда тілдік тұлға харизмасы ұстамды әрі мақсатты эмоция негізінде көрініс тапқанын аңғара аламыз.

№	Ш. Мұртаза тілдік тұлғасы харизмасының ерекшелігі	Мысалы	Тілдік тұлға харизмасының сипаты
6	Синтаксистік жүйелілікпен ерекшеленеді	«Орысша оқып білім алған қазақтар аз емес. Толып жатыр. Бірақ солардың көбі қазақ болып қала алмады. Түрі қазақ, Ділі, тілі бөлек. Мұндайлардың тек имандылары ғана болмаса, көбісі «Мен қазақтың!» деп қасқая тұрып айта алмайды. Айтуға намыстанады» (Мұртаза, 2022).	Берілген мысалдан қысқа сөйлемдер мен нақты сөйлеу ырғағын, параллель құрылымды көреміз. Ал мұндай синтаксистік модельді қайталау ырғағы адресаттың қабылдауына және эмоциясына, ойы мен көзқарасына тікелей әсер етпей, астарлы мән үстеп, терең ықпал етуге бағытталады. Мұнда да тілдік тұлға харизмасының тілдік бірліктер негізінде ұтымды пайдаланылғаны анық.
7	Сөйлеуші «Менінің» образымен ерекшеленеді	«Мен шыдай алмай: – Құрметті баяндамашы, баяндаманы орысша жасадыңыз. Мейлі дедік. Ал енді қазақ тілінде берілген сұраққа орысша жауабыңыздың жолы болсын. Мұныңыз қалай? – дедім» (Мұртаза, 2022).	Тілдік тұлға харизмасы оның «Мені» негізінде көрініс тапқан. Дегенмен мұнда қаламгер өзін көшбасшы ретінде емес, тілдік жауапкершілікті қабылдаған, ұлттық тілді қорғаушы, жанашыр ретінде байқатады. Тілдік тұлға харизмасының тілдік сипаты еркін берілген.
8	Сөйлеудің логикалық тұтастығымен ерекшеленеді	«Өсетін елдің, өркен жаятын елдің ұрпағы Бауыржан өсиетінен гибрат алар, ұлттық рухы биік жақсылар мен жайсаңдар көбейер. Сонда Момышұлы аруағы еміренер де тебіренер, ұрпақтарын желеп-жебеп жүрер. Әумин!» (Мұртаза, 2022).	Сондай-ақ тілдік тұлға харизмасы оның сөйлеу үдерісіндегі ойының нақтылығымен, логикалық толықтығымен және тұтастығымен байқалады. Берілген мысалда қаламгердің ой қорытындысындағы себеп-салдарлық байланыс пен дискурстың басынан соңына дейін берілген аргументтер дәйектілігінің нәтижесі тілдік тұлғаның сөз дәлдігін сақтауына мүмкіндік берген харизмасы деп түсінеміз.

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды.

Талдау барысында тілдік тұлға харизмасын оның сөйлеу әрекетіндегі эмоционалдылығы немесе экспрессиясымен қатар қаламгер дискурсында орын алатын коммуникативті тональділік түрелін бақылау арқылы анықтау тәсілі нақты нәтиже беретіні белгілі болды. Демек біз атап өткен В.И. Карасиктің дискурс ішіндегі ақпараттық тональділік, идеологиялық тональділік, гипотетикалық тональділік секілді түрлері дискурстан тілдік тұлға харизмасын анықтауға әрі лингвистикалық интерпретация жасауға мүмкіндік беретіні нақты практикалық мысалда көрініс тапты. Аталған ерекшеліктердің барлығы тілдік тұлға харизмасының дискурстағы сипатын ашып қана қоймай, қаламгер тілінің, стилінің, сөз саптау шеберлігінің қыр-сырынан хабар береді.

Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасының харизмасы айқын көрініс табатын тағы бір дискурс түрі – саяси дискурс. Тілдік тұлға харизмасының белсенді әрі динамикалық түрде дамуына әсер еткен біріншіден, қаламгердің ұлттық діл мен рухани құндылықтарды берік ұстануы болса,

екіншіден – институционалдық факторлар. Яғни Шерхан Мұртазаның саясат пен мәдениеттегі нақты бір қоғамдастықтарға ие болуы әртүрлі дискурс түрлерін тудырып қана қоймай, тілдік тұлға өмір сүрген кезеңдегі тарихи-әлеуметтік контекстке, өзгерістер мен әлеуметтік толқуларға тұлғалық сыни көзқарас танытуы арқылы өзіндік харизмасының пайда болуы мен дамуына, сонымен қатар тілдік сипат алуына түрткі болды.

Шерхан Мұртазаның «1994 жылы Парламент Мәжілісіндегі сөзінде» тілдік тұлға харизмасының түрлі ерекшеліктері мен тілдік формаға ауысу қағидаларын, адресатқа бағытталған сөйлеу әрекетіндегі бейвербалды белгілерін анықтадық. Саяси дискурстағы тілдік тұлға харизмасын анықтауда Аристотельдің «Риторика» еңбегінде аталған *ethos-pathos-logos* риторикалық моделін ескеру маңызды. Себебі саяси дискурстағы тілдік тұлға харизмасы аталған үш компонент үйлесімі нәтижесінде көрінеді. Саяси дискурстың өзге дискурс түрлерінен эмоцио-

налды-экспрессивті сипатымен ерекшеленетінін ескере отырып, қаламгердің мысалға алынған дискурсындағы басты стратегиялардың да аталған *Ethos – Pathos – Logos* риторикалық моделімен сай келетінін анықтадық. *Ethos* – сөйлеуші образын ашса, *Pathos* – эмоционалды әсерді, *Logos* – логика мен дәлелді білдіреді (Aristotle’s Rhetoric, 2002). Мұның барлығы Шерхан Мұртаза дискурсында тілдік сипатта адресатқа әсер ету мақсатында жүзеге асқан. Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасының харизмасын саяси дискурс негізінде анықтауда қаламгер қолтаңбасы, адресанттың адресат ойына тікелей әсер етуі, мағына мен құрылым үйлесімділігі, әсер етудің тұрақтылығы секілді сипаттары мен қызметтерін қарастырдық.

Мысалы «1994 жылы Парламент Мәжілісіндегі сөзінде»: «*«Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» дейді*» (Депутат Шерхан Мұртазаның 1994 жылы парламенттегі сөзі, 1994), – деп басталған ойдан тілдік тұлғаның адресатқа жеткізгісі келген қоғамдық мәселе сипатын қазақ дүниетанымында қалыптасқан «халық» және «қазан» концептілері арқылы қатар суреттеп қана қоймай, ассоциативті мәнін қолданады. Демек тілдік тұлғаның коммуникативті мақсаты бірінші сөйлемде-ақ айқын аңғарылады. Бұл дискурстың қандай мақсат негізінде құрылғанын түсіндіреді. Тілдік тұлғаның дискурс кіріспесін қазақ танымына сіңген түсініктен, яғни мақал-мәтелден бастауы оның харизмасын байқатады. Себебі өзге тілді немесе қазақ мәдениетінен бейхабар адам болмаса, басқа қазақ тілді, тумысынан ұлттық тілдің күдіретін таныған, қазақы ұлттық дүниетанымға ие адамның барлығы адресант айтқан ассоциативті ой негізін түсіне алады. Бұл туралы теориялық тұжырымды лингвомәдениеттанудың дамуы және қазіргі тіл біліміндегі тіл мен мәдениеттің интерпретациясын зерттеу бағытындағы ғалымдар (Векіуева, 2022) жұмысынан кездестіре аламыз. Сондықтан мақал-мәтелмен берілген ой болғанымен, мұнда астарлау жоқ. Бұл тілдік тұлғаның дискурсындағы нақты аудиторияны танығандығын және сөздің нақты адресатқа тікелей бағытталғандығынан хабар береді. Сонымен қатар аталмыш дискурстың ауызша жүзеге асқанын назарға алсақ, тілдік тұлғаның сөйлеу барысындағы қимыл-әрекеті мен ым-ишарасы, бет-жүзіндегі эмоция белгілері – барлығы оның харизмасының тілдік белгілерімен қатар сыртқы сипатын да білдіретінін байқаймыз. Берілген мысал бір ғана сөйлем болғанымен, Шерхан Мұртаза қолтаңба-

сы екенін айқын аңғара аламыз. Себебі қаламгер дискурстарының басым бөлігі нақты мақал-мәтелмен, нақыл сөзбен т.б. қазақ танымында, жадында сақталған, әрі адресатқа бірден әсер ететін, назарын аударатын тәсілмен басталады. Жоғарыда атап өткен публицистикалық дискурсында да сөз басында: «*Ертеректе бір кітаптан оқығаным бар: «Адам – ат. Ал заман, қоғам сол аттың иесі. Тізгінді қалай тартады – ат солай бұрылады, солай жүреді*» (Мұртаза, 2022), – деген нақты әрі батыл тұжырым берілген. Яғни тілдік тұлға харизмасын анықтайтын айтылған сөздің тез жатталып қалуы, адресат арасында дәйексөз ретінде қолданылуы, сонымен қатар нақты тұлғамен ассоциациялануы сияқты тілдік тұлғаның харизматикалық сөйлеу әсері нәтижесінде пайда болатын ерекшеліктерді аңғардық. Мұнда харизма Шерхан Мұртазаның тілдік мінез-құлқының ешкімге ұқсамайтын, дара сипаты ретінде көрінеді.

Саяси дискурста тілдік тұлға жүзеге асыратын басты стратегиялар – адресатқа әсер ету, назарын аудару, ықпал ету, өз ойына қосылуын мақсат ету. Аталған стратегиялардың барлығы тілдік тұлға дискурсында жүзеге асқан. Сонымен қатар берілген ауызша дискурс мазмұны мен қаламгер тұжырымдарының қазіргі қоғамда да жиі қайталанып, дәйекке келтіріліп жүретінін, YouTube арнасындағы парақшаларда кеңінен кездесетіндігін анықтадық. Демек дискурстағы стратегиялардың жүзеге асқанын және адресант пен адресант арасындағы коммуникацияның орнағанын, бүгінгі күнге дейін үзілмей келе жатқанын анықтадық.

Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасының харизмасы адресант ойына тікелей әсер ете алу қасиетімен де ерекшеленеді. Мысалға алынған саяси дискурста тілдік тұлға адресатқа әсер ету, оның ойына тікелей ықпал ету мақсатында сыртқы сипатында айтарлықтай қимыл-әрекет немесе мимика т.б. эмоционалды-экспрессивті құралдарды қолданбайды. Харизманың тілдік көрінісін шебер пайдаланған. Қаламгер сын, дауласу, манипуляциялық тәсіл, түсіндіру және біріктіру тәсілдерін бірінен соң бірін ұтымды қолданған. Мысалы: «*Мына басшылықтан, білмеймін, қолынан өзір ол әрекет келетін емес. Мына сіз бен біз, халық сенген депутаттар, осының көзін ашып, нақтылап, халыққа өзінің дәулетін өзінің қолына берейік*» (Депутат Шерхан Мұртазаның 1994 жылы парламенттегі сөзі, 1994) немесе «*Мына біз осы шет мемлекеттерден «несие» дегенді алып жатырмыз, алып жатырмыз Аме-*

рикадан Жапонияға дейін. Соның бәрі бас-аяғы қанша? Қай жерге жұмсалды, қай мақсатқа кетті?» (Депутат Шерхан Мұртазаның 1994 жылы парламенттегі сөзі, 1994), – деген жолдарда тілдік тұлғаның адресатқа бағытталған сөзіндегі *сіз, біз, берейік, алып жатырмыз* секілді көпше түрде айтылған сын және біріктіру, сауал тастау әдістері адресанттың адресатпен ой ортақтығын орнатудағы ұтымдылығы деп танимыз. Бұл дискурс түріндегі тілдік тұлға харизмасының негізі сенімділік пен сөз еркіндігі, нақты сауалға нақты шешім табу сияқты қаламгердің шеберлігімен ерекшеленіп тұр. Мұндағы харизманың анық көрініс табуының басты себебі тілдік тұлғаның қоғамдық қызметтері және әр қызметте, әр дискурсында соған сай білімі және дағдысының қалыптасқандығы екенін ескергеніміз жөн. Яғни Шерхан Мұртазаның публицист, депутат, қаламгер, қоғам қайраткері т.б. болғаны осының айғағы. Сондықтан тілдік тұлға харизмасы қай дискурс түрінде де тілдік мағына мен құрылым үйлесімділігінің сақталуымен де көрініс таба алғаны сараланды.

Берілген мысалда саяси дискурстағы тілдік тұлға харизмасының прагмалингвистикалық көріністерін айқын аңғарамыз. Мәселен, дискурстағы прагматикалық аспектілер тілдік тұлғаның аудиториямен қарым-қатынасқа түсу мақсатынан, сөйлесу контекстінен, тілдік құралдарды қолдану және сендіру, кеңес айту, кәнілау сияқты түрлі прагматикалық айтылым элементтерінің белсенді жүзеге асуымен анықталды.

Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасы харизмасының қалыптасуына әсер еткен ұлттық, мәдени-әлеуметтік және шығармашылық факторлар. Аталған факторлардың ең негізгісі – ұлттық фактор. Яғни қаламгер туғаннан бастап бойына сіңген ұлттық дүниетаным мен мәдениет, қағидалар мен ұстанымдар, көзқарастар, рухани құндылықтардың жадыда сақталуы секілді үздіксіз жүретін үдерістер тілдік тұлға харизмасының ұлттық сипатын ашты. Бұлай тұжырымдауға негіз болған Шерхан Мұртазаның дискурстарының барлығында көтерілетін ұлттық тіл, ұлттық рух, ұлттық құндылықтар, ұлттық мәдениет т.б. когнитивті контекстер. Әсіресе қаламгердің саяси дискурсындағы мына мысалға назар аударсақ: *«Мектеп жабылған соң тіл кетті. Ал ана тілінен айырылған халық – о да опат болған халық. Ана тілінсіз халық болмайды. Тілінен айырылған ұлт – тарихынан, туп-тамырынан айырылған ұлт. Тілімізді ұлт деуге де келмейді. Тілінен айырылған халық – ата-бабасының, туған әкесі*

мен туған анасының атын ұмытқан халық. Ал ондайларды мәңгірт деп атайды...» (Қазақтың Шерағасы, 2021). Берілген мысалдан тілдік тұлға харизмасының ұлттық сипаты нақты көрініс тапқан. Біріншіден, Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасының харизмасы қаламгердің ана тіліне деген махаббаты мен жанашырлығынан, яғни ұлттық құндылықтың жеке тұлға құндылығына айналу ерекшелігінен аңғарылса, екіншіден, тілдік тұлға харизмасының сөйлеу әрекетінің мәдени шарттары, әлемнің ұлттық бейнесі, құндылық және мағыналық доминант, ұлттық-коммуникативтік стратегиялар, ұлттық маркерлі тілдік құралдар және ұлттық дәстүрдегі көшбасшы бейнесі сияқты ұлттық сипатты айқындайтын басты ерекшеліктермен анықталды. Тілдік тұлға харизмасының ұлттық сипатын ашатын мұндай ерекшеліктердің толық тізбегінің Шерхан Мұртаза дискурстарында кеңінен кездесетінін мысалдар негізінде талдадық. Назарға алынған публицистикалық және саяси дискурстарда қаламгердің ұлттық тіл табиғатына тереңдей отырып қолдануы, риторикалық сұрақтар мен мақал-мәтелдерді, қазақ қоғамында, қазақ дүниетанымында сақталған, астарлы әрі түсінікті ассоциативті мағыналары бар құрылымдарды пайдалануы әрі харизманы тілдік элементтермен көрсетуі, тілдік формаларға салуы, вербалды негізде адресатқа айқын жеткізе білуі тілдің тек қарым-қатынас құралы емес, ұлттың мәдениеті мен құндылықтарын терең тануға, айқындауға жол ашатын өзегі екенін дәлелдей түсті.

Зерттеуде негізге алынған саяси және публицистикалық дискурс түрлерінде Шерхан Мұртаза тұлғасының ерекшелігі, дара сипаты тіл арқылы айқындала түсті. Тілдің әлеуметтік қызметі, адресанттың психологиялық ерекшелігі мен сөйлеу стилі, тұлғалық бірегейлігі секілді ерекшеліктердің барлығы тілдік тұлға дискурсы арқылы анықталды. Прагмалингвистика теориясы арқылы тілдік тұлға дискурсының мақсаты айқындалса, дискурсология негізінде қаламгер сөзі мен мәтіндерінің жанрлық ерекшелігін танып, құрылымын талдауға мүмкіндік алдық. Аталған үш бағытқа сүйеніп талдау арқылы, көрнекі үлгіде тілдік тұлға теориясы сөйлеудің харизмалық сипатта қабылдануының себебін, ал прагмалингвистика мен дискурсология тілдік тұлға харизмасының тіл мен сөйлеуде, мәтінде қалай жүзеге асатынын түсіндіретін маңызды құралдар екенін дәлелдедік.

Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасының харизмасын зерттеу қазақ тіл біліміндегі тілдік тұл-

ға теориясына харизматикалық тұлғаны тілдік және сөйлеу элементтері негізінде анықтау арқылы, прагмалингвистика бағытына аталған ғылымға сай прагматикалық қызметтердің нақты түрлерін айқындау арқылы, сонымен қатар дискурсология бағытына дискурс құрылымын талдау арқылы, сондай-ақ харизманың тіл, мәтін және коммуникацияда қалай көрініс табатынын талдау нәтижелері негізінде мол ғылыми және практикалық үлес қосады.

Қорытынды

Тілдік тұлға харизмасының лингвистикалық табиғатын дискурс негізінде айқындауға бағытталған зерттеу мақсатын жүзеге асыруда қаламгер Шерхан Мұртазаның публицистикалық және саяси дискурстарын талдау нақты әрі көрнекі нәтиже берді. Талдау барысында тілдік тұлға теориясы, дискурс теориясы және *Ethos – Pathos – Logos* риторикалық моделінің тілдік тұлға харизмасын жан-жақты ашуға мүмкіндік беруі зерттеу тақырыбының пәнаралық маңыздылығын дәлелдеді. Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасының ерекшелігін және оның харизмасының тілдегі көрінісін айқындауда дискурстық және контекстік-семантикалық, стилистикалық және лингвистикалық интерпретациялық талдау элементтері қажеттілігі туындағандықтан аталмыш әдістер қолданылды. Соның нәтижесінде қаламгер дискурстарын талдау арқылы тілдік тұлға харизмасының қалыптасуына әсер ететін факторлар және тілдік тұлға харизмасының ұлттық сипаты мәселелері алға шығып, сараланды.

Зерттеу нәтижесінде Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасының харизмасы кез келген дискурс түрінде қаламгер қолтаңбасымен, адресатқа әсер ету сипатымен, мағына және құрылым тұтастығымен, ықпал ету тұрақтылығымен, яғни дискурс пайда болған кезден бүгінгі таңға дейін адресаттың дүниетанымында сақталып қалу үдерісімен ерекшеленетіні анықталды. Сондай-ақ Шерхан Мұртаза харизмасының өзегі ұлттық рух екенін айқындалды. Сондықтан қаламгер дискурстарының барлығы дерлік «ұлттық рух» когнитивті

контекстіне кіретін «ұлттық тіл», «ұлттық дүниетаным», «ұлттық мәдениет» секілді маңызды мәселелерді көтереді.

Тілдік тұлға харизманың тілде көрініс табуы, сондай-ақ, керісінше тілдің қаламгер тілдік тұлғасының харизмасы ретінде сипатталуы оның коммуникативтік қызметімен қатар мәдени бірегейлік және құндылықтарды сақтау мақсатының маңыздылығын дәлелдейді. Сондықтан зерттеу жұмысында сараланған теориялық тұжырымдар тілдік тұлға мен дискурсты пәнаралық зерттеуде маңызға ие. Талдау барысында айқындалған харизманың тілдік сипаты және оның қалыптасу факторлары мен ерекшеліктер шешендік өнерде, стилистикада, медиа мен көпшілік алдында сөйлеу, көшбасшылыққа дағдылану тәжірибесінде қолданылу мүмкіндігімен құнды.

Ғылыми зерттеу қорытындысында қол жеткізілген теориялық тұжырымдар және практикалық талдау нәтижелерін қолданбалы зерттеулерде, сөз өнері мен мәдениеті, шешендік өнер, сөйлеу қарым-қатынасы тақырыптарындағы арнайы курстар мен оқу-әдістемелік құралдар дайындауда негізге алу орынды. Себебі Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасының харизмасы арқылы дискурстарда көрініс тапқан тіл тағдыры мәселесі және тіл табиғатының сақталуы, дамуы, қоғамдағы қолданысы, сөз мәдениеті қазақ тіл білімі үшін өзекті зерттеу нысаны болып қала бермек.

Мақала авторларының үлесі

А.Т. Кембаева мақаланың негізгі идеясын қалыптастырды және мәтіннің алғашқы нұсқасын жазды; М.Б. Әбдіманапова зерттеу материалдарын іріктеп, деректерді өңдеді; Б. Халым теориялық бөлімді толықтыруға, нәтижелерді талдауға және көрнекі материалдарды дайындауға қатысты.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Әдебиеттер

- Тихонова, Д. В. (2016). Понятие «языковая личность»: история возникновения, значение, типология. In *Приоритетные направления развития науки и образования: материалы X Междунар. науч.-практ. конф.* (№ 3(10), pp. 112–116).
- Михалевич, О. В. (2011). Проблема изучения языковой личности в лингвистике: исторический аспект. *Вестник КРАУНЦ. Серия «Гуманитарные науки»,* 1(17), 145–151.
- Жақып, Б. Ө. (ред.). (2011). *Психология: Энциклопедиялық сөздік.* Қазақ энциклопедиясы.

- Кұрманбайұлы, Ш., Исақова, С., Мизамхан, Б. (ред.). (2019). *Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі*. «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры.
- Niebuhr, O., & Skarnitzl, R. (2019). Measuring a speaker's acoustic correlates of pitch – but which? A contrastive analysis based on perceived speaker charisma. In *Proceedings of the 19th International Congress of Phonetic Sciences*(pp. 1–5).
- Petlyuchenko, N. (2024). *The linguistics of charisma*. Frank & Timme.
- Yassin, A. S. (n.d.). Analysis of the political discourse of the presidents. *The Union Newspaper*. Retrieved December 29, 2025, from <https://www.alittihad.ae/wejhatarticle/85332>
- Караулов, Ю. Н. (2004). *Русский язык и языковая личность* (4-е изд., стереотип.). Едиториал УРСС.
- Карасик, В. И. (2002). *Языковой круг: личность, концепты, дискурс*. Перемена.
- Aristotle's rhetoric. (n.d.). In *Stanford Encyclopedia of Philosophy*. Retrieved December 29, 2025, from <https://plato.stanford.edu/entries/aristotle-rhetoric/>
- Байтұрсынұлы, А. (2003). *Бес томдық шығармалар жинағы*. Алаш.
- Жұбанов, Қ. Қ. (2013). *Қазақ тіл білімінің мәселелері*. Абзал-Ай.
- Кеңесбаев, І. (2014). *Қазақ тіл білімінің мәселелері*. Абзал-Ай.
- Балақаев, М. Б. (2004). *Қазақ тіл білімінің мәселелері*. Зият Пресс.
- Аверкий (Таушев). (2001). *Четвероевангелие: руководство к изучению Священного Писания Нового Завета*. Издательство Православного Свято-Тихоновского гуманитарного университета.
- Spacey, J. (n.d.). 8 types of charisma. *Simplicable*. Retrieved December 29, 2025, from <https://simplicable.com/talent/charisma>
- Al-Tkhayneh, K. M., Alhourani, M. I., & Nser, K. K. (2025). The secrets of charisma in analyzing discourse language. *Forum for Linguistic Studies*, 7(2), 751–763. <https://doi.org/10.30564/fls.v7i2.8252>
- Уәли, Н. (2007). *Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері* (Автореф. дисс. докт. филол. наук: 10.02.02). А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты.
- Адамова, А., Ахтаева, Н., & Сағындықұлы, Б. (2024). Харизма және биік беделділік: психолінгвистикалық тірек. *Торағыров университетінің хабаршысы. Филологиялық серия*, 4, 56–66. <https://doi.org/10.48081/BYVP7669>
- Oblanazarovna, S. N. (2022). Psycholinguistics one of the modern branches of linguistics. *Eurasian Journal of Learning and Academic Teaching*, (4), 277–280. Retrieved December 29, 2025, from <https://geniusjournals.org/index.php/ejlat/article/view/522>
- Rosenberg, A., & Hirschberg, J. (2009). Charisma perception from text and speech. *Speech Communication*, 51(7), 640–655. <https://doi.org/10.1016/j.specom.2008.11.001>
- Michalsky, J., Niebuhr, O., & Penke, L. (2020, May 28). Do charismatic people produce charismatic speech? On the relationship between the Big Five personality traits and prosodic features of speaker charisma in female speakers. In *Proceedings of Speech Prosody* (pp. 700–704). Tokyo, Japan. <https://doi.org/10.21437/SpeechProsody.2020-143>
- Коробова, М. М., Ружицкий, И. В., & Шепелева, С. Н. (2020). Последний проект Юрия Николаевича Караулова (Идиоглоссарий Достоевского: как все начиналось). *Вопросы психолінгвистики*, 3(45), 53–69. <https://doi.org/10.30982/2077-5911-2020-45-3-53-69>
- Мұртаза, Ш. (2022, April 5). Рух пен намыстың төресі. *Bilim-all.kz*. Retrieved December 29, 2025, from <https://bilim-all.kz/article/17607-Ruh-pen-namystyn-toresi%2005.04.2022>
- Депутат Шерхан Мұртазаның 1994 жылы парламенттегі сөзі. (1994, July 8). [Видео]. Facebook. Retrieved December 29, 2025, from <https://www.facebook.com/watch/?v=363573817548983>
- Bekiyeva, M. J. K. (2022). Development of linguoculturology and interpretation of language and culture in modern linguistics. *Central Asian Research Journal for Interdisciplinary Studies (CARJIS)*, 2(1), 93–102.
- Қазақтың Шерағасы. (2021). In А. Т. Кембаева (Құраст.), *Көп томдық шығармалар жинағы* (Т. 11). ХТИИ.
- Petlyuchenko, N. (2024). Experimental and instrumental methods for studying political charisma. In *Proceedings of Round-Table Discussion: Current Trends in Phonetic Studies* (pp. 10–13). Kyiv.

References

- Averkij, (Taushev). (2001). *Chetveroevangelie: rukovodstvo k izucheniju Svjashhennogo Pisanija Novogo Zaveta* [The Four Gospels: A Guide to the Study of the Holy Scriptures of the New Testament]. Izdatel'stvo Pravoslavnogo Svjato-Tihonovskogo gumanitarnogo universiteta [Publishing House of St. Tikhon's Orthodox University for the Humanities]. (In Russian)
- Adamova, A., Ahtaeva, N., & Sagyndykuly, B. (2024). Harizma zhane biik bedeldilik: psiholingvistikalik tirek [Charisma and high authority: The psycholinguistic pillar]. *Toraigyrov universitetinin habarshysy. Filologijalyk serija*[Bulletin of the University of Toraigyrov. Philological series], (4), 56–66. <https://doi.org/10.48081/BYVP7669> (In Kazakh)
- Al-Tkhayneh, K. M., Alhourani, M. I., & Nser, K. K. (2025). The secrets of charisma in analyzing discourse language. *Forum for Linguistic Studies*, 7(2), 751–763. <https://doi.org/10.30564/fls.v7i2.8252>
- Aristotle's rhetoric. (n.d.). In *Stanford Encyclopedia of Philosophy*. Retrieved December 29, 2025, from <https://plato.stanford.edu/entries/aristotle-rhetoric/>
- Baitursynuly, A. (2003). *Bes tomdyk shygarmalar zhinagy* [Collected works in five volumes]. Alash. (In Kazakh)
- Balakaev, M. B. (2004). *Kazak til biliminin maseleleri* [Problems of Kazakh linguistics]. Zijat Press. (In Kazakh)
- Bekiyeva, M. J. K. (2022). Development of linguoculturology and interpretation of language and culture in modern linguistics. *Central Asian Research Journal for Interdisciplinary Studies (CARJIS)*, 2(1), 93–102.
- Deputat Sherhan Murtazany 1994 zhyly parlamenttegi sozi [Deputy Sherkhan Murtaza's speech in parliament in 1994]. (1994,

- July 8). Facebook. Retrieved December 29, 2025, from <https://www.facebook.com/azattyq/videos/363573817548983/> (In Kazakh)
- Karasik, V. I. (2002). Jazykovoj krug: lichnost', koncepty, diskurs [The linguistic circle: Personality, concepts, discourse]. Peremena. (In Russian)
- Karaulov, Ju. N. (2004). Russkij jazyk i jazykovaja lichnost' [Russian language and linguistic personality] (4th ed., stereotype). Editorial URSS. (In Russian)
- Kazaktyn Sheragasy. (2021). Kop tomdyk shygarmalar zhinagy [Collection of multi-volume works] (A. T. Kembraeva, Comp.; Vol. 11). ITII. (In Kazakh)
- Kenesbaev, I. (2014). Kazak til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. Abzal-Aj. (In Kazakh)
- Korobova, M. M., Ruzhickij, I. V., & Shepeleva, S. N. (2020). Poslednij proekt Jurija Nikolaevicha Karaulova (Idioglossarij Dostoevskogo: kak vse nachinalos') [The last project of Yuri Nikolaevich Karaulov (Dostoevsky's Idioglossary: How it all began)]. Voprosy psiholingvistiki, 3(45), 53–69. <https://doi.org/10.30982/2077-5911-2020-45-3-53-69> (In Russian)
- Kurmanbajuly, Sh., Isakova, S., Mizamhan, B. (Eds.). (2019). Kazak tilinin kirme sozder sozdigi [Dictionary of foreign words of the Kazakh language]. «Ultyk audarma bjurosy» kogamdyk kory. (In Kazakh)
- Michalsky, J., Niebuhr, O., & Penke, L. (2020, May 28). Do charismatic people produce charismatic speech? On the relationship between the Big Five personality traits and prosodic features of speaker charisma in female speakers. In *Speech Prosody* (pp. 700–704). Tokyo, Japan. <https://doi.org/10.21437/SpeechProsody.2020-143>
- Mihalevich, O. V. (2011). Problema izuchenija jazykovoj lichnosti v lingvistike: istoricheskij aspekt [The problem of studying linguistic personality in linguistics: A historical aspect]. Vestnik KRAUNC. Serija «Gumanitarnye nauki», 1(17), 145–151. (In Russian)
- Murtaza, Sh. (2022, April 5). Ruh pen namystyn toresi [Judge of spirit and honor]. Bilim-all.kz. Retrieved December 29, 2025, from <https://bilim-all.kz/article/17607-Ruh-pen-namystyn-toresi%2005.04.2022> (In Kazakh)
- Niebuhr, O., & Skarnitzl, R. (2019). Measuring a speaker's acoustic correlates of pitch—but which? A contrastive analysis based on perceived speaker charisma. In *Proceedings of the 19th International Congress of Phonetic Sciences* (pp. 1–5).
- Oblanazarovna, S. N. (2022). Psycholinguistics one of the modern branches of linguistics. *Eurasian Journal of Learning and Academic Teaching*, (4), 277–280. Retrieved December 29, 2025, from <https://geniusjournals.org/index.php/ejlat/article/view/522>
- Petlyuchenko, N. (2024). The linguistics of charisma. Frank & Timme.
- Petlyuchenko, N. (2024). Experimental and instrumental methods for studying political charisma. In *Proceedings of the round-table discussion: Current trends in phonetic studies* (pp. 10–13).
- Rosenberg, A., & Hirschberg, J. (2009). Charisma perception from text and speech. *Speech Communication*, 51(7), 640–655. <https://doi.org/10.1016/j.specom.2008.11.001>
- Spacey, J. (n.d.). 8 types of charisma. Simplicable. Retrieved December 29, 2025, from <https://simplicable.com/talent/charisma>
- Tihonova, D. V. (2016). Ponjatie «jazykovaja lichnost'»: istorija voznikovenija, znachenie, tipologija [The concept of “linguistic personality”: The history of its origin, meaning, typology]. In *Prioritetnye napravlenija razvitija nauki i obrazovanija: materialy X Mezhdunar. nauch.-prakt. konf.* [Priority directions for the development of science and education: Proceedings of the 10th International Scientific and Practical Conference] (3(10), pp. 112–116). (In Russian)
- Uali, N. (2007). Kazak soz madenietinin teorijalyk negizderi: filol. gyl. dok. diss. avtoref (10.02.02) [Theoretical foundations of Kazakh speech culture: Abstract of Doctoral dissertation (10.02.02)]. A. Bajtursynuly atyndagy Til bilimi instituty [A. Baitursynov Institute of Linguistics]. (In Kazakh)
- Yassin, A. S. (2015). Analysis of the political discourse of the presidents. *The Union Newspaper*. Retrieved December 29, 2025, from <https://www.alittihad.ae/wejhatarticle/85332>
- Zhakup, B. O. (Ed.). (2011). Psihologija: Jenciklopedijalyk sozdik [Psychology: An encyclopedic dictionary]. Kazak jenciklopedijasy. (In Kazakh)
- Zhubanov, K. K. (2013). Kazak til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. Abzal-Aj. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Кембаева Айнур Тұрарқызы (корреспондент-автор) – PhD, Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығы (Тараз, Қазақстан, e-mail: kembraeva_ainur@mail.ru).

Әбдіманапова Мереке Бахбергенқызы – магистр, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті (Тараз, Қазақстан, e-mail: mereke.bakhbergenova@mail.ru).

Халым Бота – PhD, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: bota-@mail.ru).

Information about the authors:

Kembayeva Ainur Turarovna (corresponding author) – PhD, Sh.Murtaza Taraz International University, Research Center «Sherkhan Studies» (Taraz, Kazakhstan, e-mail: kembraeva_ainur@mail.ru).

Abdimanapova Mereke Bakhbergenovna – master, M.H. Dulati Taraz University (Taraz, Kazakhstan, e-mail: mereke.bakhbergenova@mail.ru).

Khalym Bota – PhD, Kazakh National Women's Teacher Training University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: bota-@mail.ru).

Сведения об авторах:

Кембаева Айну́р Тура́ровна (корреспондент-автор) – PhD, Международный Таразский университет имени Ш. Муртаза, Научно-исследовательский центр «Шерхановедение» (Тараз, Казахстан, e-mail: kembaeva_ainur@mail.ru).

Абдимана́пова Мере́ке Бахберге́новна – магистр Таразского университета имени М.Х. Дулати (Тараз, Казахстан, e-mail: mereke.bakhbergenova@mail.ru).

Халым Бо́та – PhD, Казахский национальный женский педагогический университет (Алматы, Казахстан, e-mail: bota-@mail.ru).

Келіп түсті: 6 қаңтар 2026 жыл

Қабылданды: 18 наурыз 2026 жыл